

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
04.12.2019 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 04.12.2019 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, келесі мәселе – «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Бектұрғанов Әбдіманап Елікбайұлына беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ Ә.Е. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын және Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2019 жылғы педагогтердің тамыз конференциясында айтқан тапсырмаларын орындау мақсатында әзірленді.

Заң жобасы:

педагог қызметінің өзекті әлеуметтік және кәсіби мәселелерін шешуге;  
педагогтерге жүктемені азайтуға, оларды көптеген тексерулерден және оларға тән емес функциялардан қорғауға;

жұмыс істеп жүрген педагогтер үшін ынталандыру шараларын белгілеуге, сондай-ақ жастарды мамандыққа тартуға бағытталған.

Енді депутаттық корпус енгізген басты түзетулерге тоқталайын. Олар:

2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап орта білім беру ұйымдары педагогтер үшін нормативтік оқу жүктемесін 18 сағаттан 16 сағатқа төмендету жөніндегі норма бекітіліп отыр;

педагогтердің педагогикалық этика нормаларын бұзуы бұрын көзделгендей әкімшілік құқық бұзушылықтарға емес, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғатын тәртіптік теріс қылыққа теңестіріледі;

білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тізбе бойынша білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасындағы халықаралық олимпиадалардың, конкурстар мен спорттық жарыстардың жеңімпазын, жүлдегерін дайындаған педагогке тиісті мемлекеттік білім беру ұйымының қызметі бойынша үнемдеу есебінен үш лауазымдық айлықақы мөлшерінде біржолғы сыйақының төленуін көздейтін норма енгізіледі;

"Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы" құрметті атағымен марапатталған педагогке 1000 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем белгіленеді;

мәдениет және спорт саласындағы мемлекеттік білім беру ұйымдарының және әскери оқу орындарының педагогтеріне магистр дәрежесі үшін 10 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қосымша ақы енгізіледі;

ауылдық жерлерде жұмыс істейтін педагогтерге жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін басым тәртіппен беруге кепілдік белгіленеді;

педагогтің білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан мамандығына құрметпен қарауды және тиісті мінез-құлықты талап ету құқығы нақтыланды;

кәсіптік қызметке алғаш рет кірісетін педагогтердің сәйкестігін растау және біліктілігін беру институты, оны іске асыру тетігі жеткілікті пысықталмауына байланысты алынып тасталды;

бірін-бірі жоққа шығаратын немесе қайталанатын ережелері бар нормалар алынып тасталды. Ондай нормаларға мысалы, мұғалімдерді өздеріне тән емес функцияларға тартуға тыйым салатын, сонымен қатар оларды қоғамның әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамуына жәрдемдесуге міндеттейтін нормаларды жатқызуға болады.

Заң жобасының жекелеген нормаларын нақтылауға және мазмұнын жақсартуға бағытталған түзетулер енгізілді.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасы бойынша өз қорытындыларын берді. 100-ге жуық түзету келіп түсті, олар жұмыс тобында қарастырылып, тиісті шешімдер қабылданды. Салыстырмалы кесте қабылданған 74 позицияны қамтиды.

Ағымдағы жылдың 19 қыркүйегінде заң жобасының таныстырылымы өтті. Комитет жұмыс тобының жиырма бес отырысын, сондай-ақ комитеттің үш кеңейтілген отырысын өткізді.

Қорытындылай келе, жұмыс тобының мүшелері мен әріптестеріме енгізілген ұсыныстары мен заң жобасын талқылауға белсенді қатысқаны үшін алғысымды білдіргім келеді.

Осыған байланысты аталған заң жобасын қолдап, екінші оқылымда мақұлдауды, сондай-ақ оны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жіберуге ұсынуды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Әбдіманап Елікбайұлы.

Құрметті әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасы бойынша бір ғана ұсыныс түсті. Оны жаңа ғана Әбдіманап Елікбайұлы бізге жеткізді, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа пікірлеріңіз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.



*Дұрыс: құжаттамамен қамтамасыз ету болымын сектор меңгерушісі Мейір Н. Мамыралиев 2*